

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Т.К Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

Смагулова Гаухар Досмахамбетовна

Тақырыбы: «Астана қаласындағы энергия үнемдеу технологияларын қолдана
отырып, елшілік ғимараты»

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

6B07302 – «Құрылыс инженерия»

Алматы 2023 ж

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті


Т.К Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., қауымдастырылған
профессор

 Д.А. Ахметов
«___» _____ 2023 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМELІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Астана қаласындағы энергия үнемдеу технологияларын
қолдана отырып, елшілік ғимараты»

6B07302 – «Құрылыс инженерия»
білім алу бағдарламасы

Орындаған


_____ Смагулова Г.Д.

Рецензент

Жобаның жетекшісі, BI Group
Махамбетов И.М.

Ғылыми жетекші

т.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Наширалнев Ж.Т.

 «___» _____ 2023 ж.



Алматы 2023 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ


Т.К Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты
«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы
6B07302 – «Құрылыс инженерия»

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., қауымдастырылған

профессор

 Д.А. Ахметов

« _____ » _____ 2023 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Смагулова Гаухар Досмахамбетовна

Тақырыбы: «Астана қаласындағы энергия үнемдеу технологияларын қолдана отырып, елшілік ғимараты»

Университет ректорының «23» қараша 2022 ж. №408-п - бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі « 31 » мамыр 2023 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Астана қаласы, ғимараттың конструкциялық жүйесі - қаңқалы, негізгі құрылымдары темірбетоннан жасалған.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Сәулет-аналитикалық бөлімі: негізгі бастапқы деректер, көлемдік-жоспарлау шешімдері, қоршау конструкцияларының (сыртқы қабырғаның) жылутехникалық есебі, жарықтехникалық есептеу, нұсқаны есептеу фундаменті және салу тереңдігі, энергия тиімділігі бойынша шараларды негіздеу;

б) Есептік-конструктивтік бөлімі: есептік жүктемелерді анықтау, болат ұстынмен және аражабын тақтасын есептеу және жобалау;

в) Ұйымдастыру-технологиялық бөлім: технологиялық карталарды әзірлеу (жер жұмыстары), құрылыстың күнтізбелік жоспары және құрылыстың бас жоспары;

г) Экономикалық бөлімі: жергілікті смета, объектілік смета, жиынтық смета;

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

1. Ғимараттың қасбеті, кималар, түйіндер, спецификация, жоспар - 5 парақ;

2. Ұстынның арматуралануы, спецификациялар - 1 парақ;






3. Монтаждау жұмыстарының техкартасы, құрылыстың күнтізбелік жоспары, құрылыстық бас жоспар – 3 парақ.

Ұсынылатын негізгі әдебиет: 1. ҚР ҚНЖЕ РК 2.04-01-2017 Құрылыс климатологиясы, 2. ҚР ҚНЖЕ 2.04-107-2013 Құрылыс жылутехникасы


Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

№	Бөлем	30%	60%	90%	100%	Ескертпе
1	Сәулет-аналитикалық	23.01.2023г.- 20.02.2023г.				
2	Есептік-конструктивтік		20.02.2023г.- 26.03.2023г.			
3	Ұйымдастыру-технологиялық			27.03.2023г.- 30.04.2023г.		
4	Экономикалық				01.05.2023г.- 07.05.2023г.	
5	Алдын ала қорғау	08.05.2023г.-15.05.2023г.				
6	Антиплагиат, нормобақылау	16.05.2023г.-30.05.2023г.				
7	Сапаны бақылау	18.05.2023г.-30.05.2023г.				
8	Қорғау	31.05.2023г.-10.06.2023г.				

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының
аяқталған жобаға қойған **қолтаңбалары**


Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Сәулет-аналитикалық	Наширалиев Ж.Т., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор		
Есептік-конструктивтік	Наширалиев Ж.Т., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор		
Ұйымдастыру-технологиялық	Наширалиев Ж.Т., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор		
Экономикалық	Наширалиев Ж.Т., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор		
Нормабақылау	Халелова А.Қ., т.ғ.м, ассистент		
Сапаны бақылау	Козюкова Н.В., т.ғ.м, аға оқытушы		

Ғылыми жетекшісі



Наширалиев Жанкелди Туртемирович

Тапсырманы орындауға
алған білім алушы



Смагулова Гаухар Досмахамбетовна

Күні

«__» _____ 2023 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыс тақырыбы: «Астана қаласындағы энергия үнемдеу технологияларын қолдана отырып, елшілік ғимараты».

Дипломдық жұмыс 4 бөлімнен тұрады:

- Сәулет – құрылыстық бөлім – көлемдік – жоспарлау, сәулет – конструктивтік шешімдерден, өңірдің климаты мен геологиясын сипаттаудан, сыртқы қабырғаның жылутехникалық есептеуінен тұрады.;
- Есептеу – конструктивтік – Лира – САПР 2016 бағдарламасында ғимараттың темірбетон қаңқасын есептеу, монолитті ригельді қолмен есептеу;
- Технологиялық бөлім шартты нормативтік құжаттар арқылы қолмен есептеледі;
- Экономикалық бөлім – СМЕТА РК 2020 бағдарламасында құрылыс жұмыстарының өзіндік құнын есептеу даярланды.

Әр бөлім белгілі бір бөлімшелерден тұрады. Яғни әр бөлімшелерде таңдалынған объектінің сипаттамалары беріледі.

Архитектуралық талдау бөлімі AutoCAD 2020 бағдарламасы арқылы жасалынды, ал есептік-конструктивтік бөлімді орындау барысында ЛИРА-САПР 2016 бағдарламалары қолданылды. Ал экономикалық бөлімі СМЕТА РК 2020 бағдарламасында есептелді.

АННОТАЦИЯ

Тема дипломной работы «Здание посольства с применением энергосберегающих технологий в г. Астана».

Дипломная работа состоит из 4 раздела:

- Архитектурно – строительный – состоит из объемно – планировочных, архитектурно – конструктивных решений, описания климата и геологии региона, теплотехнического расчета наружной стены;
- Расчетно – конструктивный – расчет железобетонного каркаса здания в программе Лира – САПР 2016, ручной расчет монолитного ригеля;
- Технологический отдел рассчитан вручную с помощью условных нормативных документов;
- Экономический раздел – разработан расчет себестоимости строительных работ в программе СМЕТА РК 2020.

Каждый раздел состоит из определенных подразделов. То есть, в каждом подразделе даны характеристики выбранного объекта.

При выполнении архитектурного раздела использовалась программа AutoCAD 2020, для расчетно-конструктивной части использовались программа ЛИРА-САПР 2016. А экономическая часть проекта была рассчитана в программе СМЕТА РК 2020.

ANNOTATION

The topic of diploma is «The building of the embassy with the use of energy-saving technologies in Astana».

The diploma consists of 4 sections:

- Architectural and construction-consists of space-planning, architectural and structural solutions, description of the climate and Geology of the region, thermal engineering calculation of the outer wall;
- Structural design calculation of the reinforced concrete frame of the building in the program Lira-CAD 2016, manual calculation of the monolithic crossbar;
- The technological section reflects the production purpose of the designed object;
- Economic section - developed calculation of the cost of construction work in the SMETA RK 2020 program.

Each section is divided into specific subsections. That is, in each subsection, the characteristics of the selected object are given.

When performing the architectural section, the REVIT program was used, for the design and construction part, the LIRA-SAPR 2016 program was used. And the economic part of the project was calculated in the SMETA RK 2020 program.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	
1 Сәулеттік – аналитикалық бөлім	10
1.1 Сәулеттік бөлім	10
1.1.1 Құрылыс ауданы мен климаттық жағдайларының сипаттамасы	10
1.1.2 Құрылыстың инженерлік – геологиялық жағдайларын талдау	10
1.1.3 Қоршау конструкцияларының жылутехникалық есебі	11
1.2 Инженерлік бөлімше	13
1.2.1 Ғимараттың инженерлік жүйелерінің сипаттамасы	13
1.2.2 Энергия тиімділігін арттырып және жаңартылатын энергия	14
көздерін пайдалану жөніндегі шараларды негіздеу	
1.3 Аналитикалық бөлімше	14
1.3.1 Көлемдік – жоспарлау шешімдерін негіздеу	14
1.3.2 Ғимараттың құрылымдық жүйесін қабылдау	15
1.3.3 Іргетастың нұсқаларын және төсеу тереңдігін есептеу	15
2 Есептік – конструктивтік бөлім	16
2.1 Қаңқа элементтерін ЛИРА САПР 2016 бағдарламасымен есептеу	
2.2 Жүктемелерді жинау және есептік жүктемелер үйлесімін жасау	16
2.3 Жүктемені жинақтау және есептеу	17
2.4 Есеп нәтижелерінің анализі	25
2.5 Ұстын мен аражабынды есептеу	29
3 Ұйымдастыру-технологиялық бөлімі	38
3.1 Ғимараттың нөлдік циклінде атқарылатын жұмыстар	38
3.2 Жер жұмыстарын жүргізу бойынша құрылыс көліктерін таңдау	43
3.2.1 Бульдозерді таңдау	43
3.2.2 Экскаваторды таңдау	45
3.2.3 Автосамосвал санын анықтау	47
3.3 Еңбек сыйымдылығын және еңбек шығындарын есептеу	48
3.4 Жұмыс өндірісінің күнтізбелік жоспарын жасау	52
3.5 Ұйымдастыру бөлімшесі	55
3.5.1 Құрылыс бас жоспары	55
3.5.2 Құрылыс алаңын жарықтандыруды есептеу	55
3.5.3 Су қажеттілігін есептеу	56
3.5.4 Уақытша ғимараттар мен қойма аудандарының қажеттілігін	57
есептеу	
3.5.5 Электр қажеттілігін есептеу	58
3.6 Құрылыс алаңындағы қауіпсіздік техникасы	60
4 Құрылыс экономикалық бөлімі	61
4.1 Құрылыс құнының сметалық есебі	61
Қорытынды	
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	
Қосымшалар	64

КІРІСПЕ

Құрылыс – адамның шығармашылық әрекетінің негізгі нысандарының бірі.

Құрылыс – негізгі қорлар өндірістік (өнеркәсіптік кәсіпорындар, энергетикалық кешендер, жолдар, магистральдық құбырлар) және өндірістік емес (тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар, қонақ үй кешендері) мақсаттар үшін құрылатын материалдық өндіріс саласы.

Құрылыс сонымен қатар осы ғимараттар мен құрылыстарды тұрғызудың өндірістік процесін, оның ішінде оларды кейінгі жөндеуді, реконструкциялауды, профилін өзгертуді, кепілдікпен пайдалануды білдіреді.

Жалпы алғанда, құрылыс – адам өміріне қолайлы жағдай жасауды қамтамасыз ететін, көптеген жұмыс орындарын ашатын, материалдық өндірістің бірқатар сабақтас салаларының дамуын талап ететін тұрақты дамып келе жатқан салалардың бірі.

Құрылыс өндірісі - құрылыстың дайындық және негізгі кезеңдеріндегі құрылыс алаңындағы жұмыстардың жиынтығы, атап айтсақ, ғимараттың жер асты және жер үсті бөліктерін, барлық әрлеу жұмыстары мен инженерлік санитарлық-электрлік жабдықтарды, лифттерді және т.б.

Құрылыс өндірісі ғылыми-өндірістік бағыт ретінде құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастырылуын біріктіреді, бұл ретте әрбір ғылымның айқын мәні де, ғылыми негіздері де болады.

Қазақстан демократиялы, зайырлы, құқықты және әлеуметтік экономикалық көрсеткіштері бойынша дамушы ел қатарына жатады. Астана – Қазақстанның астанасы, инновациялық қалалардың бірі болған соң, қоғамдық, әкімшілік ғимараттардың көп болуын талап етеді. Сол себепті, елшілік ғимаратын осы қалада жобалауды жөн көрдім.

Елшілік ғимараты Астана қаласындағы Тәуелсіздік алаңынан алыс емес жерде, Қазақ елі монументі, Әзірет Сұлтан мешіті, Пирамида, Тәуелсіздік сарайы және Өнер университеті шоғырланған жерде орналасқан.

Елшілік ғимараты энергия үнемдеу технологияларын қолдана отырып жобаланады. Бұл жобаланып отырған ғимараттың басты ерекшелігі болып табылады. Салынып жатқан құрылыс жобалары, ол мейлі тұрғын үй болсын, мейлі қоғамдық құрылыс ғимараттары болсын техникалық жағынан озық және қазіргі заман талабына сай болуы керек. Астана қаласындағы елшілік ғимараты жобасын жан-жақты салыстыра отырып, қазіргі таңдағы заманауи талаптарға сай етуге тырысып, барлық құрылыс жұмыстарын сапалы және қысқа мерзімде жүзеге асыра отырып, ғимаратқа байланысты барлық конструктивтік және сәулеттік талаптар бойынша жобаланған.

Дипломдық жоба заманауи бағдарламалық кешендердің көмегіне сүйене отырып жасалынды:

- Autodesk AutoCAD 2020 – ғимаратты 3D, 2D модельде тұрғызу;
- ПКЛири-САПР 2016 – ғимарат қаңқасын беріктікке есептеу;
- СМЕТА РК 2020 – экономикалық бөлімді есептеу.

1 Сәулеттік – аналитикалық бөлім

1.1 Сәулеттік бөлім

1.1.1 Құрылыс ауданы мен климаттық жағдайларының сипаттамасы

Астана қаласындағы энергия үнемдеу технологияларын қолдана отырып, елшілік ғимараты.

Елшілік ғимараты Астана қаласындағы Тәуелсіздік алаңынан алыс емес жерде, Қазақ елі монументі, Әзірет Сұлтан мешіті, Пирамида, Тәуелсіздік сарайы және Өнер университеті шоғырланған жерде орналасқан.

ҚР НТҚ 01-01-3.1 (4.1)-2017 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер» нормативтік құжаты бойынша Астана қаласы жатады:

- Қар ауданы – IV; Нормативті мәні -1,8кПа;
- Жел ауданы – IV; Нормативті мәні – 0,77кПа;
- Желдің орташа жылдамдығы – 35 м/с;

Ғимараттың өртке төзімділік дәрежесі – II.

ҚНЖЕ 2.02.05-2002 «Ғимараттар мен үймереттердің өртке қауіпсіздігі» нормасында қарастырылғандай, ғимараттың өртке төзімділік дәрежесі – II.

Құрылыс үшін ҚР аумағын аудандастырудың схемалық картасы (ҚР ҚН 2.04-01-2017 «Құрылыс климатологиясы») бойынша объект IIIA климаттық ауданда орналасқан.

1.1 Кесте – Құрылыс аймағының ауа райы бастапқы мәліметтері

Сыртқы ауаның есептік температурасы, °C					Ең суық айдағы орташа температура	Ең жылы айдағы орташа температура	
Абсолюттік минималды температур а, °C	Ең суық тәуліктікі		Ең суық бес күндік				Абсолюттік максималды температур а, °C
	0,98	0,92	0,98	0,92			
-51,6	-40,2	-35,8	-37,7	-31,2	+41,6	-15	20,8

Жоғарыда көрсетілген Астана қаласында орналасқан құрылыс аймағының ауа райы бастапқы мәліметтері ҚР ҚН 2.04-01-2017 «Құрылыс климатологиясы» талаптарына байланысты алынды.

Құрылыс аймағының сейсмикалық күші - 5 балл.

1.1.2 Құрылыстың инженерлік – геологиялық жағдайларын талдау

7,0 – 15,0 м тереңдікке дейін зерттелген аймақтың геологиялық құрылымына ортаңғы – жоғарғы төрттік аллювиалды – пролювиалды және аллювиалды шөгінділер (arqii – III, aqii – III) қатысады, олар тығыз пластиктен

жұмсақ пластикалық консистенцияға дейінгі саздақтармен, кейде орташа іріліктен үлкенге дейін құмдармен, мезозой шатырында орналасқан қатты консистенциялы саздақтармен ұсынылған түзілімдер (eMz). Зерттелетін аймақтағы жер бетінен табиғи шөгінділер қазіргі заманғы техногендік (үйінді) топырақтармен (tQIV) және топырақ – өсімдік қабатымен (QIV) жабылған.

Инженерлік – геологиялық бөліністе 6 Инженерлік – геологиялық элемент (ИГЭ) бөлінген:

ИГЭ 0 (QIV) – топырақ – өсімдік қабаты;

ИГЭ 0-1 (tQIV) – үйілмелі топырақтар: қатты консистенциядағы қою қоңыр түсті саздақ, ұсақ тас араласқан;

ИГЭ 1,2,3 (arqii – III) – қоңыр түсті саздақ, тығыз пластиктен жұмсақ стикалы консистенцияға дейін, ұсақ құм қабаты бар;

ИГЭ 4 (arqii – III) – тығыз пластиктен жұмсақ пластикалық консистенцияға 12 дейін, тұндырылған, органикалық қоспалардың құрамы 9,9% – ға дейін, ұсақ құм қабаты бар қоңыр саздақ;

ИГЭ 5 (aQII – III) – сумен қаныққан, орташа тығыздықтағы полимиктілік құрамдағы құм;

ИГЭ 6 (aQII – III) – сумен қаныққан, орташа тығыздықтағы полимиктілік құрамдағы ірі құм, қабаттармен қиыршық тас;

ИГЭ 7 (eMz) – қатты консистенциялы түрлі – түсті саздақ. Жер асты суларының деңгейінен жоғары топырақ тұздалмаған. ҚР ҚНЖЕ сәйкес 2.01-19-2004 W4, W6, W8 маркалы портландцементтегі бетонға қатысты Топырақтардың агрессивтілігі су өткізбеушілігі бойынша әлсіз – қатты агрессивті, сульфатқа төзімді цементтегі бетонға қарай топырақтар негізінен агрессивті емес; темірбетон конструкцияларының арматурасына орташа агрессивті. Көміртекті және төмен легіріленген болатқа қатысты 3,0 м тереңдікке дейінгі топырақтың коррозиялық агрессивтілігі жоғары. Аязға қауіптілік дәрежесі бойынша маусымдық мұздату аймағындағы және ашық шұңқырлардағы топырақ қатты және тым қатты.

1.1.3 Қоршау конструкцияларының жылутехникалық есебі

Сыртқы қабырғалардың жылу техникалық есебі ҚР ЕЖ 2.04-107-2013 «Құрылыстық жылу техникасы» нормативтік-техникалық құжаттамасы арқылы шығарылады.

Басты мәліметтер:

Құрылыс орны: Астана қаласы;

Қоршағыш конструкция - сыртқы қабырға;

Ішкі ауаның есептік температурасы $t_B = 20^\circ\text{C}$

Қоршағыш конструкциясының ішкі бетінің жылу беру коэффициенті $\alpha_{\text{ішкі}} = 8,7 \text{ Вт}/(\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C})$ (ҚР ҚНЖЕ 2.04-03.2002 «Құрылыс жылутехникасы», кесте 4);

Қоршағыш конструкциясының сыртқы бетінің жылу беру коэффициенті $\alpha_{\text{ішкі}} = 23 \text{ Вт}/(\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{С})$ (ҚР ҚНЖЕ 2.04-03.2002 «Құрылыс жылу техникасы», кесте 6);

Жылыту маусымының орташа температурасы: $t_{\text{орт.}} = -8,1^\circ\text{С}$;

Жылыту кезеңінің ұзақтығы: $z_{\text{тәул.}} = 215$ (СП РК 2.04.01-2017 «Құрылыс климатологиясы», кесте 3.1).

Материалдардың сипаттамалары кесте 1.2 көрсетілген

1.2 Кесте – Сыртқы қабырғаның қасиеттері мен материалдары

Қабат атауы	Тығыздығы γ , кг/м ³	Қабат қалыңдығы δ , м	Жылу өткізгіш коэф. λ , Вт/(м · °С)	Жылу сіңіру коэф. s , Вт/(м ² · °С)
Облицовочные панели	1650	0,1	40,9	1,46
Газобетон	500	0,3	0,15	16,77
Техноблок стандарт	50	0,2	0,037	9,2
ц/п штукатурный слой	1800	0,05	0,58	9,6

Жылыту кезеңінің градус-тәулігі (ЖКТГ) $^\circ\text{С}$ тәу/жыл мәнін төмендегі формуламен анықтайды:

$$\text{ГСОП} = (t_{\text{в}} - t_{\text{от}}) \cdot z_{\text{от}} \quad (1.1)$$

$t_{\text{в}} = 20^\circ\text{С}$ – ғимараттың ішкі ауасының есептік температурасы;

$t_{\text{от}} = -8,1^\circ\text{С}$ – сыртқы ауаның орташа температурасы 10°С астам емес;

$z_{\text{тәул.}} = 215$ – жылыту кезеңінің ұзақтығы.

$$\text{ГСОП} = (20 + 8,1) \cdot 215 = 6041,5 \text{ }^\circ\text{С} \cdot \text{сут}$$

ГСОП анықтап болғаннан кейін $R_o^{\text{тр}}$ қажетті кедергі мәнін анықтаймыз $R_o^{\text{тр}} = 3,0 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{С}/\text{Вт}$.

Қоршайтын конструкцияның жылу берілісіне берілген кедергінің нормаланған мәнін $R_o^{\text{норм}}$, $\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{С}/\text{Вт}$ мына формуламен анықтау керек:

$$R_o^{\text{норм}} = R_o^{\text{тр}} \cdot m_p \quad (1.2)$$

мұндағы: m_p – құрылыс аймағының ерекшеліктерін ескеретін коэффициент. Ғимараттың желдетілуі мен жылытылуына жылу энергиясының шығынының меншікті ерекшелігін орындау кезіндегі жағдайда m_p

коэффициентінің мәнін азайтуға рұқсат беріледі. m_p коэффициентінің мәні бұл кезде келесіден аз болмауы керек: $m_p = 0,63$ – қабырғалар үшін, $m_p = 0,95$ – ашық конструкциялар үшін, $m_p = 0,8$ – қалған қоршайтын конструкциялар үшін.

$$R_o^{\text{норм}} = 3,0 \cdot 0,63 = 1,89 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$$

Қабырға үшін жылу беру кедергісін R_o анықтаймыз:

$$R_o = \frac{1}{\alpha_\beta} + \frac{\delta_1}{\lambda_1} + \frac{\delta_2}{\lambda_2} + \frac{\delta_3}{\lambda_3} + \frac{\delta_4}{\lambda_4} + \frac{1}{\alpha_H} \quad (1.3)$$

$$\begin{aligned} R_o &= \frac{1}{\alpha_\beta} + \frac{\delta_1}{\lambda_1} + \frac{\delta_2}{\lambda_2} + \frac{\delta_3}{\lambda_3} + \frac{\delta_4}{\lambda_4} + \frac{1}{\alpha_H} = \frac{1}{8,7} + \frac{0,1}{40,9} + \frac{0,3}{0,15} + \frac{0,037}{0,2} + \frac{0,05}{0,58} + \frac{1}{23} = \\ &= 2,43 \text{ м}^2 \cdot \frac{^\circ\text{C}}{\text{Вт}} \end{aligned}$$

Есеп соңында қабырға конструкциясына төмендегі шарттағыдай тексеру жүргіземіз:

$$R_o \geq R_o^{\text{норм}} \quad (1.4)$$

$$R_o = 2,43 \text{ м}^2 \cdot \frac{^\circ\text{C}}{\text{Вт}} \geq R_o^{\text{норм}} = 1,89 \text{ м}^2 \cdot \frac{^\circ\text{C}}{\text{Вт}}$$

Талап етілген жылу беру кедергісінің мәні есептіктен аз. Демек, қабырға конструкциясы Астана қаласының климаттық жағдайына жарамды.

1.2 Инженерлік бөлімше

1.2.1 Ғимараттың инженерлік жүйелерінің сипаттамасы

Ғимараттардың инженерлік жүйелері кез – келген объект инфрақұрылымының негізі болып табылады, олардың негізгі қызметі адамдардың жайлы өмір сүруін немесе тұруын қамтамасыз ету болып табылады. Барлық жүйелер екі негізгі түрге бөлінеді – сыртқы және ішкі. Сонымен қатар, инженерлік желілерді келесідей жіктеуге болады: жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және кәріз, сыртқы жарықтандыру, электр тұтыну, желдету, дабыл және байланыс, газбен жабдықтау.

Ғимаратты сумен жабдықтау көзі шаруашылық – ауыз су құбырының қалалық желілері болып табылады. Сумен жабдықтау құбырын енгізу және есепке алу торабы жобаланатын жертөледе орналасады. Жобаланатын ішкі су құбыры желісі шаруашылық – ауыз су және тұрмыстық қажеттіліктерге және

буфеттердің технологиялық жабдықтарына, сондай – ақ ыстық сумен жабдықтау және жылыту қажеттіліктеріне су дайындауға арналған бойлерлерге су беруді қамтамасыз етеді.

1.2.2 Энергия тиімділігін арттырып және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі қажет шараларды негіздеу

Қазіргі таңда әлемнің барлық елдерінде ғимараттардың энергия тиімділіктерін арттырып, барынша тұрақты әрі қауіпсіз болуын қамтамасыз ету өзекті проблемалардың бірі болып табылады. Елшілік ғимаратының жайлы әрі сапалы болуы үшін энергия көзін тұтынуды азайту, бұл энергия ресурстарын, қаражатты айтарлықтай үнемдейді.

Энергияның бейберекет тұтынылуын төмендетуге, энергетикалық қауіпсіздікті нығайтуға ұмтылып жатқан шақта, энергия тиімділігі маңызды орын алады. Энергия тиімділігін арттыру көзге айқын көрініп тұрған ақиқат болып табылады, себебі ол, әдетте, инвестицияларды ақтайды және әрқашан қолжетімді болып келеді.

Энергия көзінің тиімділігін арттыру үшін басты шаралар

Ғимараттардың энергия тиімділіктерін арттыру кешені құрылысты салу, реконструкциялау және жөндеу кезеңінде де, сонымен қатар оларды пайдалану кезеңінде де тұтас бағдарламаларды орындауды айқындайды. Энергия тиімділігінің негізгі мақсаттарының бірі ғимараттың жылу шығынын азайтуға көзделген.

Тәжірибеде көрсеткендей, қысқы мезгілінде жылу энергиясы орта есеппен 40% даладағы ауаны жылытуға кетеді. Осы мөлшердің 40% – ы қабырғаға, 20% – ы есік пен терезеге, 20% – ы төбе жабынына, 20% – ы желдету жүйесіне өтеді. Бұл энергия шығыстарын барынша төмендету үшін және энергия көзінің тиімділігін көбейту бойынша келесі іс – шаралар қабылданады:

- жылу оқшаулауларын бір бөліктен тұратын контурын жасап, қоршау құрылымдарын оқшаулау;
- ұзақ уақыт бойы өзінің сапасын жоғалтпайтын берік жылу оқшаулағыштарын таңдау
- энергия көзін сақтайтын шыныпакеттер терезелерді қолдану;
- пәтерлер мен кіреберістер үшін жылу оқшаулағыш есіктерді қолдану;
- жеке қуат реттеушілері бар жылыту радиаторын қолдану.

1.3 Аналитикалық бөлімше

1.3.1 Көлемдік – жоспарлау шешімдерін негіздеу

Ғимараттың сыртқы келбеті заманауи стильде қабылданған және айналадағы қалалық ғимараттармен үйлеседі. Көлемді жоспарлау шешімдері, ғимараттың құрылымдық схемасы ғимараттың технологиялық мақсатына, құрылысқа бөлінген жер учаскесіне және қолданыстағы рельефке байланысты қабылданды.

Ғимараттың жоспардағы формасы төртбұрышты, бір қабатты, ғимараттың осьтері бойынша өлшемдері 22,4x11,4 м. Ғимарат қабатының биіктігі 4,2м. Жертөле биіктігі 3,4м. Жобаланған объектінің сыртқы қабырғаларының қалыңдығы 650 мм, ал бөлмені бөлетін ішкі қабырғалардың қалыңдығы 100мм. Жобаланған ғимарат – жылытылатын, қаңқалы.

Ғимараттың жертөле қабатында желдету және ауаны баптау камералары; жылу пункті, ғимараттардың инженерлік техникалық жабдықтарын басқару тораптары; электр қалқаны орналасады. Елшілік ғимаратының кешені қабылдау залы, мәжіліс залы, қызметкерлер кабинеті, кітапхананы қамтитын әкімшілік ғимараттардан тұрады.

1.3.2 Ғимараттың құрылымдық жүйесін қабылдау

Көлемді жоспарлау шешіміне сәйкес және құрылыс нормаларының талаптарын ескере отырып ғимараттың рамалық құрылымдық түрі қабылданды. Кеңістіктік жүйе – болат бағаналардан және ғимарат ішіндегі барлық жүктемелерді қабылдауды және қалыпты жұмыс жағдайларын қамтамасыз ететін темірбетон аражабынынан тұрады.

Ғимарат келесі конструктивтік элементтерден жобаланды:

Іргетас – бағаналы, бетон класы С30/37.

Сыртқы қабырғалар – қалыңдығы 300мм болатын газобетонды блок.

Бағандар – болат бағаналар.

Аражабындар – қалыңдығы 200мм тұтас құймалы темірбетоннан жобаланған.

Арқалықтар – қимасы 350x500мм және 350x550мм болатын В30 класты бетоннан жасалған тұтас құймалы темірбетонды.

Ішкі әрлеу - тірек түріндегі акустикалық төбе.

1.3.3 Іргетастың нұсқаларын және төсеу тереңдігін есептеу

Іргетастың орналасқан топырағының түріне және жерасты қабаттарының орналасуына сонымен қатар ғимаратқа байланысты іргетас – қадалы деп қабылданды. Елшілік ғимаратының қабаттылығына байланысты іргетас – плитасының қалыңдығын 100 мм тағайындаймыз. Орналасу тереңдігі минус бойынша 3 000 мм. Топырақтың қату тереңдігінен төмен орналасқан.

2 Есептік – конструктивтік бөлім

2.1 Қаңқа элементтерін ЛИРА-2016 бағдарламасымен есептеу

Есептік-конструктивтік бөлімде жоба бойынша «Астана қаласындағы энергия үнемдеу технологияларын қолдана отырып, елшілік ғимараты» дипломдық жобаның жүйесі жүргізілді.

ЛИРА-2016 бағдарламасында алдымен түйінді орналастырып алады. Сол түйіндер стерженьдермен қосылады. Содан кейін пластиналарды орналастырып оларға жүктемелер беріледі. Негізгі элементтер: түйін, стержень, пластина.

2.2 Жүктемелерді жинау және есептік жүктемелер үйлесімін жасау

Ғимарат конструкциясының есебі күрделі және негізгі жүктемелермен СНиП 2.01.07-85* «Жүктемелер мен әсерлер» нормативтік ережесі бойынша орындалған.

Монолитті темірбетон келесі материалдардан тұрады:

- ауыр бетон класы В30;
- арматура классы А-500 (эквивалент АIII)

Элементтердің қимасы:


- шаршы тәрізді ұстын қаңқасы, қимасы – 400х400 мм;
- тавр қималы арқалық қаңқа – 350х550 мм;

Монолитті аражабын және жабын қалыңдығы 220 мм.


Қаңқаларға жүктемелер кесте ретінде құралған. (2.1-2.5 кесте қараңыз)

А)

Собственный вес



Б)
Собственный вес



2.1 Сурет – А) Ғимараттың ЛИРА САПР бағдарламасындағы есептік схемасы,
Б) ЛИРА САПР бағдарламасындағы шеткі көрінісі

2.1 Кесте – Қабылданған қатандықтар

Қатандық түрі	Атауы	Сипаттамалары (қимасы (см), қатандықтары)
1	Пластина Н 10 (фундаментная плита)	$E = 3e + 007, V = 0.2, H = 10, R_0 = 25$
2	Пластина Н 20 (плиты)	$E = 3e + 007, V = 0.2, H = 20, R_0 = 25$
3	Пластина Н 25 (стены)	$E = 3e + 007, V = 0.2, H = 25, R_0 = 25$
4	Брус 40 х 40 (колонны)	$E = 3e + 007, V = 0.2, H = 40, B = 40, R_0 = 25$
5	Брус 35 х 50 (балки по буквенным осям)	$E = 3e + 007, V = 0.2, H = 50, B = 35, R_0 = 25$
6	Брус 35 х 55 (балки по цифровым осям)	$E = 3e + 007, V = 0.2, H = 55, B = 35, R_0 = 25$
7	КЭ 56 численное (X-Y)	$R_x = 2500, R_y = 2500, R_z = 0, R_{ux} = 0, R_{uy} = 0, R_{uz} = 0,$

2.3 Жүктемені жинақтау және есептеу

Тұрақты және уақытша жүктемелер:

2.2 Кесте – Жертөлеге түсетін жүктеме

Жүктемелер	Сипаттамалық жүктеме кг/м ²
------------	---

2.2 Кестенің жалғасы

Тұрақты(g): Цементті-құмды ерітінді $\delta = 50 \text{ мм}, \rho = 1800 \text{ кг/м}^3$	$0,05 \cdot 1800$	90
Битумды гидроизоляция $\delta = 8 \text{ мм}, \rho = 1400 \text{ кг/м}^3$	$0,008 \cdot 1400$	11,2
Пенополистирол $\delta = 50 \text{ мм}, \rho = 40 \text{ кг/м}^3$	$40 \cdot 0,5$	2
Барлығы:		103,2

2.3 Кесте – Жабынға түсетін жүктеме

Жүктемелер		Сипаттамалық жүктеме кг/м^2
Тұрақты(g): Цементті-құмды ерітінді $\delta = 20 \text{ мм}, \rho = 1800 \text{ кг/м}^3$	$0,02 \cdot 1800$	36
Рубероид $\delta = 10 \text{ мм}, \rho = 200 \text{ кг/м}^3$	$0,01 \cdot 200$	2
Жылытқыш Экструдированный пенополистирол $\delta = 100 \text{ мм}, \rho = 30 \text{ кг/м}^3$	$0,1 \cdot 30$	3
Бу окшаулағыш $\delta = 20 \text{ мм}, \rho = 150 \text{ кг/м}^3$	$0,02 \cdot 150$	3
Көп қуысты тақта $\delta = 220 \text{ мм}, \rho = 2500 \text{ кг/м}^3$	$0,22 \cdot 2500$	500
Барлығы:		544

Тұрақты есептік жүктеме: $G_d = g \times \gamma_G = 544 \times 1,35 = 734,4 \text{ кг/м}^2$

2.4 Кесте – 1-інші қабат аражабын

Жүктемелер		Сипаттамалық жүктеме кг/м^2
Тұрақты(g): Паркет $\delta = 15 \text{ мм}, \rho = 700 \text{ кг/м}^3$	$0,015 \cdot 700$	10,5
Фибростяжка $\delta = 30 \text{ мм}, \rho = 1800 \text{ кг/м}^3$	$0,03 \cdot 1800$	54
Гидроизоляция $\delta = 10 \text{ мм}, \rho = 200 \text{ кг/м}^3$	$0,01 \cdot 200$	2
Технонастил акустик $D = 5 \text{ кг/м}^2$	5	5

2.4 Кестенің жалғасы

Көп қуысты тақта $\delta = 220 \text{ мм}, \rho = 2500 \text{ кг/м}^3$	$0,22 \cdot 2500$	500
Барлығы:		571,5
Уақытша(q):		200

Тұрақты есептік жүктеме: $G_d = g \times \gamma_G = 571,5 \times 1,35 = 771,5 \text{ кг/м}^2$

Уақытша есептік жүктеме: $Q_d = q \times \gamma_Q = 200 \times 1,5 = 300 \text{ кг/м}^2$

2.5 Кесте –Ішкі қабырғалар

Жүктемелер		Сипаттамалық жүктеме кг/м^2
Тұрақты(g): Пеноблок $\delta = 200 \text{ мм}, \rho = 600 \text{ кг/м}^3$, $h = 4,2 \text{ м}$	$0,2 \cdot 600 \cdot 4,2$	504
Штукатурка $\delta = 40 \text{ мм}, \rho = 1800 \text{ кг/м}^3$, $h = 4,2 \text{ м}$	$0,04 \cdot 1800$ $\cdot 4,2$	302,4
Барлығы:		806,4

Қабырғаның 1 құма метріне тұрақты сипаттамалық жүктеме:

$$g = 806,4 \text{ кг/м}^2 \cdot 1 \text{ м} = 806,4 \text{ кг/м}$$

Тұрақты есептік жүктеме: $G_d = g \times \gamma_G = 806,4 \times 1,35 = 1089 \text{ кг/м}$

2.6 Кесте – Сыртқы қоршағыш конструкция

Жүктемелер		Сипаттамалық жүктеме кг/м^2
Тұрақты(g): Облицовочные панели $\delta = 100 \text{ мм}, \rho = 1650 \text{ кг/м}^3$, $h = 4,2 \text{ м}$	$0,1 \cdot 1650 \cdot 4,2$	693
Газобетон $\delta = 300 \text{ мм}, \rho = 500 \text{ кг/м}^3$, $h = 4,2 \text{ м}$	$0,3 \cdot 500 \cdot 4,2$	630
Техноблок стандарт $\delta = 200 \text{ мм}, \rho = 50 \text{ кг/м}^3$, $h = 4,2 \text{ м}$	$0,2 \cdot 50 \cdot 4,2$	42

2.6 Кестенің жалғасы

Ц/П штукатурный слой $\delta = 50 \text{ мм}, \rho = 1800 \text{ кг/м}^3,$ $h = 4,2 \text{ м}$	$0,05 \cdot 1800$ $\cdot 4,2$	378
Барлығы:		1743

Қабырғаның 1 құма метріне тұрақты сипаттамалық жүктеме:

$$g = 1743 \text{ кг/м}^2 \cdot 1 \text{ м} = 1743 \text{ кг/м}$$

Тұрақты есептік жүктеме: $G_d = g \times \gamma_G = 1743 \times 1,35 = 2353 \text{ кг/м}$

Аражабынға түсетін уақытша жүктемені ҚР ЕЖ 1991-1-1 нормативтік құжаттың 6.1 кестесі бойынша ғимарат С2 категориясына жататыны анықталды, сондықтан аражабынға түсетін уақытша жүктемені $q_k = 3,5 \text{ кН/м}^2$ деп қабылдаймыз.

Жабынға түсетін қар жүктемесін ҚР НТҚ 01-01-3.1 (4.1)-2017 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер» нормативтік құжаты бойынша 5.1 формуланы қолданып анықтаймыз:

$$s = \mu \cdot C_e \cdot C_t \cdot s_k \quad (2.1)$$

$$s = \mu \cdot C_e \cdot C_t \cdot s_k = 0,8 \cdot 1,0 \cdot 1 \cdot 1,8 = 1,44 \text{ кПа} = 1,44 \text{ кН/м}^2$$

μ_i - қар жүктемесі нысанының коэффициенті ҚР НТҚ 01-01-3.1 (4.1)-2017 [5.2]-кесте бойынша $\mu_i = 0,8$;

C_e - қоршаған орта коэффициенті ҚР НТҚ 01-01-3.1 (4.1)-2017 [5.1]-кесте бойынша жергілікті жердің жағдайына байланысты (қалыпты $C_e = 1,0$);


C_t - жылу коэффициенті ҚР НТҚ 01-01-3.1 (4.1)-2017 [5.2.(8)] бойынша шатыр күнді шағылатын материалдан болмағандықтан $C_t = 1,0$ тең болады;

$s_k = 1,8 \text{ кПа}$ - топырақтағы қар жүктемесінің сипаттамалық мәні ҚР ҚР НТҚ 01-01-3.1 (4.1) - 2017 Приложение В бойынша Астана қаласы орналасқан аймақ – IV, сондықтан $s_k = 1,8 \text{ кПа}$ болады.

Ғимаратқа әсер ететін жел жүктемесін ҚР НТҚ 01-01-3.1 (4.1)-2017 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер» нормативтік құжаты бойынша 4.5 пункттегі формулаларды қолданып шығарамыз.

Жел жүктемесі ғимаратқа жел соғатын жағынан (активті қысым) және жел соқпайтын жағынан әсер етеді.


Ғимараттың өлшемдері 11,4x22,4x4,2м, IV жел районы, жергілікті типі IV.




2.2 Сурет – Ғимарат жоспары

Жел соғатын жағынан сыртқы қысым (D аймағы):

Ғимаратты биіктігі бойынша сыртқы қысым үшін базалық биіктікке сәйкес аймақтарға бөлейік z_e 7.2.2(1) әдістеме бойынша егер $h = 4,2 \text{ м} < b = 22,4 \text{ м}$:



2.3 Сурет – Базалық 4,2 м биіктікке сәйкес келетін аймақтар




2.4 Сурет – z_e базалық биіктігі h және b өлшемдерінің мәніне байланысты

ҚР НТҚ 01-01-3.1 (4.1)-2017 [4.8] формула бойынша желдің жылдамдығының ең жоғары мәні:

$$q_p(z) = [1 + 7 \cdot l_v(z)] \cdot \frac{1}{2} \cdot p \cdot v_m^2(z) = c_e(z) \cdot q_b \quad (2.2)$$

$$q_p(z) = [1 + 7 \cdot l_v(z)] \cdot \frac{1}{2} \cdot p \cdot v_m^2(z) = c_e(z) \cdot q_b = 1,18 \cdot 0,77 = 0,9086$$


$c_e(z)$ – экспозиция коэффициенті; 63-беттегі 4.5- суреттегі I типті жел ауданының сызығымен ғимарат биіктігінің сызығы қиылысқан жеріндегі мәніне тең: $z = 4,2$ м $c_e(z) = 1,18$, жергілікті жердің түрі-IV.



2.5 Сурет – $c_e(z)$ коэффициентіне $c_o = 1,0$, $k_i = 1,0$ болғандағы графикалық ұсынымға түсініктеме

q_b – желдің базалық жылдамдығы; Ол 177 беттегі Ж-қосымшасының “ҚР аумағын жел жылдамдығының негіздерімен аудандастыру” картасының көмегімен анықталады. Астана қаласы орналасқан аймақ – IV, сондықтан $q_b = 0,77$ кПа.

Жел IV аймақ (Приложение Ж) $q_b = 0,77$ кПа, (тип местности-4), $h < b$, $h = 4,2$ м және $b = 22,4$ м, демек, «а» жағдайы бойынша есептеуді жүргіземіз. «а» жағдайы бойынша $z = h = 4,2$ м.



2.6 Сурет – z_e базалық биіктігі h және b өлшемдерінің мәніне байланысты

Жоғары жылдамдықтағы бастың шынының (пиковое значение скоростного напора) мәні:

$$q_p(z) = c_e(z) \cdot q_b = 1,18 \cdot 0,77 = 0,9086 \text{ кПа}$$

Жел қысымын w_e келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$w_e = q_p(z) \cdot c_{pe} \quad (2.3)$$

мұндағы: $q_p(z)$ – желдің жылдамдығының ең жоғары мәні;

c_{pe} – сыртқы қысымның аэродинамикалық коэффициенті.

2.7 Кесте – Ғимарат жоспарындағы тікбұрышты тік қабырғаларға арналған сыртқы қысым коэффициенттері

Зона	А		В		С		D		E	
h/d	$c_{pe,10}$	$c_{pe,1}$	$c_{pe,10}$	$c_{pe,1}$	$c_{pe,10}$	$c_{pe,1}$	$c_{pe,10}$	$c_{pe,1}$	$c_{pe,10}$	$c_{pe,1}$
5	-1,2	-1,4	-0,8	-1,1	-0,5		+0,8	+1,0	-0,7	
1	-1,2	-1,4	-0,8	-1,1	-0,5		+0,8	+1,0	-0,5	
$\leq 0,25$	-1,2	-1,4	-0,8	-1,1	-0,5		+0,7	+1,0	-0,5	

$$h/d = 0,368 \rightarrow c_{pe} = +0,8$$

Желдің базалық жылдамдығы IV аудан үшін $q_b = 0,77$ кПа;

Кесте бойынша желдің қысымы:

2.8 Кесте – Жел қысымы w_e

$z_e = 4,2\text{м}$	$c_e(4,2) = 1,18$	$w_e = 1,18 \cdot 770 \cdot 0,8 = 726,8 \text{ Па} = 0,7268 \text{ кН/м}^2$
---------------------	-------------------	---

2.9 Кесте – Жел қысымы w_e қысым зоналары үшін.

A	$c_{pe} = -1,2$	$c_e(4,2) = 1,18$	$w_e = 1,18 \cdot 770 \cdot (-1,2) = -1090,3 \text{ Па}$ $= -1,0903 \text{ кН/м}^2$
B	$c_{pe} = -0,8$	$c_e(4,2) = 1,18$	$w_e = 1,18 \cdot 770 \cdot (-0,8) = -726,8 \text{ Па}$ $= -0,7268 \text{ кН/м}^2$
C	$c_{pe} = -0,5$	$c_e(4,2) = 1,18$	$w_e = 1,18 \cdot 770 \cdot (-0,5) = -454,3 \text{ Па}$ $= -0,4543 \text{ кН/м}^2$
E	$c_{pe} = -0,5$	$c_e(4,2) = 1,18$	$w_e = 1,18 \cdot 770 \cdot (-0,5) = -454,3 \text{ Па}$ $= -0,4543 \text{ кН/м}^2$

Желден түсетін жүктемелер аражабындардың деңгейінде әсер етеді:

1 қабаттың деңгейінде: қабат биіктігінің тек жартысын ескереміз (2100мм). 1 қабат есептік жолағы – 2100 мм.


2.10 Кесте – Аражабындардың деңгейлеріне жел жүктемелерін жинау

	1 қабат
<i>D</i>	$0,7268 \cdot 2,1 = 1,526 \text{ кН/м}$
<i>A</i>	$-1,0903 \cdot 2,1 = -2,289 \text{ кН/м}$
<i>B</i>	$-0,7268 \cdot 2,1 = -1,526 \text{ кН/м}$
<i>C</i>	$-0,4543 \cdot 2,1 = -0,954 \text{ кН/м}$
<i>E</i>	$-0,4543 \cdot 2,1 = -0,954 \text{ кН/м}$

2.4 Есеп нәтижелерінің анализі

Іргетастың шөгуі (Статика 1 есептік схемасы)

Ең алдымен, элементтердің шекті деформациялары тексеріледі. Негізден бастайық.



2.7 Сурет – Негіздің z бағытындағы қозғалысының эпюрасы

Біздің ғимарат типі үшін шекті деформация темірбетоннан жасалған толық қаңқасы бар азаматтық көпқабатты ғимарат, максималды шөгу $S_{max,u} = 10 \text{ см}$. Қозғалыс диаграммасы бойынша біздің ғимараттағы максималды шөгуі 1 см, тексеруден өтеді.

Ғимараттың жел әсерінен көлденең бағытта қозғалуы (Статика 1 есептік схемасы)


Жел жүктемесі үстем кезінде желдің көлденең қозғалысын тексеру.

Ғимарат биіктігі $h = 4,2 \text{ м}$

Мына шарттың орындалуына тексереміз:

$$\frac{h}{500} > \text{максималды қозғалыс, мм}$$


$$\frac{h}{500} = \frac{4200}{500} = 8,4 \text{ мм}$$



2.8 Сурет – Ғимарат қаңқасының желдің әсерінен X бағытындағы қозғалысының эпюрасы

$$X \text{ бойынша: } 8,4 \text{ мм} > 1,56 \text{ мм}$$

Шарт орындалады.



2.9 Сурет – Ғимарат қаңқасының желдің әсерінен Y бағытындағы қозғалысының эпюрасы

$$Y \text{ бойынша: } 4,2 \text{ мм} > 1 \text{ мм}$$

Шарт орындалады.

Жабын құрылымдарын вертикальды бағытта деформацияға тексеру (Статика 2 есептік схемасы)

2.11 Кесте – Қабылданған қатаңдықтар


Қатаңдық түрі	Атауы	Сипаттамалары (қимасы (см), қатаңдықтары)
1	Пластина Н 10 (фундаментная плита)	$E = 3e + 007, V = 0.2, H = 10, R_0 = 25$
2	Пластина Н 20 (плиты)	$E = 6e + 006, V = 0.2, H = 20, R_0 = 25$
3	Пластина Н 25 (стены)	$E = 1.8e + 007, V = 0.2, H = 25, R_0 = 25$
4	Брус 40 х 40 (колонны)	$E = 1.8e + 007, V = 0.2, H = 40, B = 40, R_0 = 25$
5	Брус 35 х 50 (балки по буквенным осям)	$E = 6e + 006, V = 0.2, H = 50, B = 35, R_0 = 25$
6	Брус 35 х 55 (балки по цифровым осям)	$E = 6e + 006, V = 0.2, H = 55, B = 35, R_0 = 25$
7	КЭ 56 численное (X-Y)	$R_x = 2500, R_y = 2500, R_z = 0, R_{ux} = 0, R_{uy} = 0, R_{uz} = 0,$

Жабынның иілуін тексеру үшін ғимараттағы ең максималды деформация болған жерді тандап 1 пролетын кесіп алып тексереміз.


Кіші пролеттың ұзындығын ескеріп максималды иілуді табамыз:

$$l = 6300 \text{ мм.}$$


$$\frac{l}{250} = \frac{6300}{250} = 25,2 \text{ мм}$$



2.10 Сурет – 4.200 деңгейі бойынша жабынның қозғалыс эпюрасы



2.11 Сурет – 0.000 деңгейі бойынша жабынның қозғалыс эпюрасы



2.12 Сурет – (-4.200) деңгейі бойынша жабынның қозғалыс эпюрасы

2.12 Кесте – Аражабындардың вертикаль бағыты бойынша деформациясын тексеру кестесі

Қабат деңгейі	max	min	
4.200	25,2	4,52	20,68
0.000	12,8	4,16	8,64
-4.200	5,46	1,89	3,57

Жабын құрылымдары иілу бойынша шарты орындалады.

2.5 Ұстын мен аражабынды есептеу

Ұстын. Ұстынды арматуралауды 1 қабаттың орта қатарындағы ұстынға жүргіземіз.

2.13 Кесте – Ұстынға РСН-нан түскен жүктемелер

Жүктемелер кестесі								
Э. №	Қ. №	Жүктемелер						РСН №
		N кН	Mx кНм	My кНм	Qz кН	Mz кНм	Qy кНм	
7	1	-429	-0,84	-102	26,3	3,33	-3,37	22

Ұстынды есептеу. Ортаңғы бағананың есебі жүргізіледі: Ұстын өлшемдері: $b = 400$ мм, $h = 400$ мм, болатын тіктөртбұрышты, қорғаныш қабаты $c_1 = 50$ мм. Бетон класы C30/37 ($f_{ck} = 30$ МПа, $\gamma_c = 1.5$, $\alpha_{cc} = 0,85$).

Бетонның осьтік сығылуға есептелген кедергісі:

$$f_{cd} = \alpha_{cc} \cdot \frac{f_{ck}}{\gamma_c} = 0,85 \cdot \frac{30}{1,5} = 17 \text{ МПа}$$

S500 класты жұмыс арматурасының сипаттамалық кедергісінің созылуы. Әрі қарай, жұмыс арматурасының есептелген кедергісін анықтаймыз:

$$f_{yd} = \frac{f_{yk}}{\gamma_s} = \frac{500}{1,15} = 435 \text{ МПа}$$

Егер бағанның икемділігі λ_{lim} мәнінен аз болса, екінші ретті әсерлер ескерілмейді.

Алдымен бетонның көлденең қимасы ауданының инерция моментін анықтаймыз. Шаршы тәріздес қимаға келесідей анықталады:

$$I = \frac{a^4}{12} = \frac{400^4}{12} = 2,13 \cdot 10^9 \text{ мм}^4$$

Келесі жарықшасыз бетон қимасының инерция моменті. Оны анықтау үшін келесі формуламен табамыз:

$$i = \sqrt{\frac{I}{A_c}} = \sqrt{\frac{2,13 \cdot 10^9}{400 \cdot 400}} = 115,5 \text{ мм}$$

Бағананың есептік аралығы екі жақтан қатан бекітілген үшін 0,5l- ге тең. Ұтынның икемділігі:

$$\lambda = \frac{l_0}{i} = \frac{0,5 \cdot 4200}{115,5} = 18,18 \text{ мм}$$

$$\lambda_{lim} = \frac{20ABC}{\sqrt{n}} = \frac{20 \cdot 1,1 \cdot 0,7 \cdot 1,7}{\sqrt{1,57}} = 20,89 \text{ мм}$$

мұндағы: n — салыстырмалы бойлық күш:

$$n = \frac{N_{Ed}}{A_c^2 \cdot f_{cd}} = \frac{429 \cdot 10^3}{400^2 \cdot 1,7 \cdot 10^7} = 1,57$$


$$\lambda = 18,18 \text{ мм} < \lambda_{lim} = 20,89 \text{ мм}$$

Ұстынның қимасы мкемділік бойынша тұрақтылығын қамтамасыз ете алады, сондықтан екінші ретті әсерлерді ескермеуге болады.

РСН22(СН РК EN 1990:2002+A1:2005/2011_1)
Этора Му
Единица измерения - кН*м




Минимальное усилие -102,469; Максимальное усилие 61,0583



2.13 Сурет – Ұстынның момент эпюрасы

Минимальное усилие -428.162;



2.14 Сурет – Ұстынның көлденең күш эпюралары

Ұстын қимасының ауданын келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$\frac{c_1}{h} = \frac{c_2}{h} = \frac{50}{400} = 0,125$$

мұндағы: c_1 және c_2 – ұстын арматурасының қорғаныш қабаты;
 h – ұстынның биіктігі.

$$V_{ed} = \frac{N_{ed}}{(b \cdot h \cdot f_{cd})} = \frac{-429 \cdot 10^3}{(400 \cdot 400 \cdot 17)} = -0,157$$

$$\alpha_{Eds} = \frac{M_{Ed}}{(b \cdot h^2 \cdot f_{cd})} = \frac{102 \cdot 10^6}{(400 \cdot 400^2 \cdot 17)} = 0,093$$

$$A_{s,tot} = \frac{w_{tot} \cdot b \cdot h}{\frac{f_{yd}}{f_{cd}}} = \frac{0,2 \cdot 400 \cdot 400}{\frac{435}{17}} = 1250 \text{ мм}^2$$

$$A_{s1} = A_{s2} = 1256 \text{ мм}^2, \text{ қабылдаймыз: } 4\emptyset 20 \text{ мм } (A_s = 1256 \text{ мм}^2).$$

Көлденең арматураның класы мен қадамын конструктивті түрде қабылдаймыз. Көлденең арматураның диаметрі шарт бойынша 6 мм кіші болмауы керек және $\frac{1}{4} d_{max}$: $\emptyset 9$ S240 аспауы керек келесі жағдайға сүйене отырып қабылдаймыз.

Қадам шарттар негізінде қабылданады:

-көп емес 400 мм;

-қиманың ең аз жағынан артық емес; $\rightarrow 400$ мм

-көп емес $20d_{min} \rightarrow 560$ мм

Қадамын 400 мм деп аламыз.

Көпқуысты аражабынды есептеу.

Плитаның конструкциялық ұзындығын есептеу және орнату:

$$l_{eff} = l - 0,5b = 6000 - 0,5 \cdot 400 = 5800 \text{ мм}$$

$$l_k = l - 0,5b - 2 \cdot 10 = 6000 - 200 - 20 = 5780 \text{ мм}$$

Көп қуысты плитаның қимасының биіктігі (диаметрі 15,5 см, 6 дөңгелек қуысты) плиталар:

$$h = \frac{l_{eff}}{30} = \frac{5800}{30} = 193,33 \text{ мм} \rightarrow 220 \text{ мм}$$

Бөлімнің жұмыс биіктігі келесідей анықталады:

$$d = h - c = 220 - 20 = 200 \text{ мм}$$


мұндағы: h – қиманың биіктігі;

c – қорғаныс қабаты.


Өлшемдері: жоғарғы және төменгі сөрелердің қалыңдығы:

$$h_f = (22 - 15,5) \cdot 0,5 = 3,25 \text{ см}$$

Жиектерінің ені: ортасы – 3,4 см, шеткі – 12,75 см. Бірінші топтың күйлерінің қимасының сығылған сөресінің есептік қалыңдығы $h_f=3,25$ см; қатынасы $\frac{h_f}{h} = \frac{3,25}{22} = 0,15 > 0,1$, бұл ретте барлық сөренің ені $b_f = 1190$ см; жиектің есептік ені $b = 1190 - 6 \cdot 155 = 260$ мм.



2.15 Сурет – Плитаның есептік көлденең қимасы



2.16 Сурет – Плитаның көлденең қимасы

Бойлық арматураны есептеу

С30/37 класты бетонның осьтік сығылуға тән кедергісі $f_{ck} = 30$ МПа.
Бетонның жеке қауіпсіздік коэффициенті $\gamma_c = 1,5$.

Бетонның осьтік сығылуға есептелген кедергісі:

$$f_{cd} = a_{cc} \cdot \frac{f_{ck}}{\gamma_c} = 0,85 \cdot \frac{30}{1,5} = 17 \text{ МПа}$$

Алдын-ала кернеуленбеген арматура классы S500 ($f_{yk} = 500$ МПа, $f_{yd} = 435$ МПа), конструктивті түрде $A_{s1} = 314 \text{ мм}^2$ 4 $\emptyset 10$, $A_{s2} = 201 \text{ мм}^2$ 4 $\emptyset 8$.

Алдын-ала кернеуленген S800 класты жұмыс арматурасының созылуға сипаттамалық кедергісі ($f_{p0,zk} = 800$ МПа, $f_{p0,1d} = 626$ МПа). Әрі қарай, жұмыс арматурасының созылуға есептік кедергісін анықтаймыз:

$$f_{yd} = \frac{f_{yk}}{\gamma_s} = \frac{800}{1,15} = 695,6 \text{ МПа}$$

Айнымалы біркелкі бөлінген жүктеме плитаға қолданылады $F_{d1} = 10,5$ кН/м²

Тиімді қима ені $b_{eff} = 1,19$ м.

Плитаның моментін анықтаймыз:

$$M_{Ed,max} = \frac{q \cdot B \cdot l^2}{8} = \frac{10,5 \cdot 1,19 \cdot 5,8^2}{8} = 52,54 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Жұмыс қимасының биіктігі:

$$d = h - c = 220 - 20 = 200 \text{ мм}$$

Кернеу аймағындағы алдын ала кернеулі арматураның секциялық ауданы НТҚ ҚР 02-01-1.2-2011 7.2.4 тармағына сәйкес анықталады. (7.6) формула бойынша α_m мәнді есептейміз:

Коэффициенттің мәнін анықтаймыз:

$$\alpha_m = \frac{M_{Ed}}{f_{cd} \cdot b \cdot d^2} = \frac{52,54 \cdot 10^6}{17 \cdot 1190 \cdot 200^2} = 0,06$$

$$\xi = 1 - \sqrt{1 - 2\alpha_m} = 1 - \sqrt{1 - 2 \cdot 0,06} = 0,061.$$

НТҚ ҚР 02-01-1.2-2011 7.1 кестеден қабылдаймыз S800 арматура үшін: $\frac{\sigma_{pm,t}}{f_{p0,1d}} = 0,6$, $\xi_{lim} = 0,41$ мәнін аламыз.


$$\xi = 0,061 < \xi_{lim} = 0,41$$

НТҚ ҚР 02-01-1.2-2011 7.2.2 ережеге сәйкес, $\frac{\xi}{\xi_{lim}} = \frac{0,061}{0,41} = 0,13 < 0,6$ болса, онда 7.4 формуланы қолданбай, $\gamma_{s3} = 1,1$ деп алуға болады.

Бұдан:

$$A_{p1} = \frac{\xi \cdot f_{cd} \cdot b \cdot d - f_{yd} \cdot A_{s1}}{\gamma_{s3} \cdot f_{p0,1d}} = \frac{0,061 \cdot 17 \cdot 1190 \cdot 200 - 434,7 \cdot 314}{1,1 \cdot 626} = 160,19 \text{ мм}^2$$

Жұмыс арматурасының ауданы арматура сортаментіне сәйкес қабылданады: 3 Ø12 S800 ($A_{p1} = 339 \text{ мм}^2$).



2.17 Сурет – Плитаның көлденең қимасы

Көлденең арматураны есептеу

S240 класты көлденең арматураның сипаттамалық кедергісі созылу. Көлденең арматураның созылуға есептік кедергісі:

$$f_{ywd} = \frac{f_{ywk}}{\gamma_s} = \frac{240}{1,15} = 208,7 \text{ МПа} \approx 209 \text{ МПа}$$

Ені 1190 мм плиталар үшін:

Көлденең арматуралау қажет болатын учаскенің ұзындығын есептеу бойынша орнатамыз, көлденең күштердің диаграммасына сәйкес анықтаймыз. Бұл үшін бетон қабылдай алатын көлденең күшті анықтаймыз:

$$k = 1 + \left(\frac{200}{d}\right)^{\frac{1}{2}} = 1 + \left(\frac{200}{200}\right)^{\frac{1}{2}} = 2$$

$$p_l = \frac{A_{s1}}{b_w \cdot d} = \frac{314}{1190 \cdot 200} = 0,0013 < 0,02$$

$$V_{Rd,c} = \left[\left(\frac{0,18}{\gamma_c} \right) \cdot k \cdot (100 p_l \cdot f_{ck})^{\frac{1}{3}} \right] \cdot b_w \cdot d$$

$$V_{Rd,c} = \left[\left(\frac{0,18}{1,5} \right) \cdot 2 \cdot (100 \cdot 0,0013 \cdot 20)^{\frac{1}{3}} \right] \cdot 1190 \cdot 200 = 78544 \text{ Н} = 78 \text{ кН}$$

$$V_{Rd,c} = 78 \text{ кН}$$

$$V_{Ed,max} = \frac{ql}{2} = 10,5 \cdot \frac{5,8}{2} = 30,45 \text{ кН}$$

$V_{Ed,max} < V_{Rd,c}$; $30,45 \text{ кН} < 78 \text{ кН}$ көлденең арматура орнатамыз конструкциялық пайымдауларға негізделген арматура.

Көлденең арматураның қадамын анықтаймыз:


$$S \leq 0,75 \cdot d = 0,75 \cdot 200 = 150; \text{ қадамы} \rightarrow 150 \text{ мм.}$$

$$A_{sw} = \frac{V_{Ed} \cdot s}{z \cdot f_{ywd} \cdot \cos \theta}$$

$$A_{sw} = \frac{30,45 \cdot 150}{180 \cdot 208,7 \cdot \cos 40} = 158,71 \text{ мм}^2$$


$$z = 0,9d = 0,9 \cdot 200 = 180 \text{ мм}$$

Сортамент кестесінен көлденең арматураны қабылдаймыз: $4\emptyset 8 S240$ ($A_{sw} = 201 \text{ мм}^2$).




2.18 Сурет – Аражабынның есептік схемасы

Арматуралық шыбықтардың дәнекерлеу жағдайынан біз арматураны тағайындаймыз. Созылған аймақ $A_{s1} = 314 \text{ мм}^2$, $(4\varnothing 10 \text{ мм})$ S500 және $A_{sw} = 201 \text{ мм}^2$, көлденең арматурасы $(4\varnothing 8 \text{ мм})$ S240.



2.19 Сурет – Тақтаның есептік көлденең қимасы



2.20 Сурет – Аражабынның есептік көлденең қимасы

3 Ұйымдастыру – технологиялық бөлім

3.1 Ғимараттың нөлдік циклінде атқарылатын жұмыстар

Жұмыстың көлемін анықтау жұмыстары

3.1 Кесте – Жұмыстың көлемін анықтау

№	Процесстердің атауы	Өлшем бірлігі	Жұмыс көлемі	
			Бір фундаментке	Барлығы
1	Уақытша қоршау	м		163,2
2	Өсімдік қабатын кесу	м ³		141,9
3	Траншеядағы топырақтың дамуы	м ³		360
4	Топырақ тапшылығының дамуы	м ³		32,25
5	Іргетастарға бетон дайындау құрылғылары	м ³	0,324	15,228
6	Арматураны монтаждау а) Торларды төсеу б) Рамкаларды орнату	шт/м		
7	Қалыптарды орнату	м ²	7,752	364,344
8	Іргетастарды бетондау	м ³	1,1	25,3
9	Қалыптарды алып тастау	м ²	7,752	364,344
10	Іргетастың гидроизоляциясы	м ²		317,86
11	Толтыру	м ³		600
12	Топырақтың тығыздалуы	м ²		2000
13	Территорияны түпкілікті жоспарлау	м ²		516
14	Уақытша қоршауды бөлшектеу	м		163,2

Уақытша қоршау құрылғысы

Құрылыс жұмыстары басталғанға дейін құрылыс алаңын қоршау қажет, қоршау периметрі келесі формула бойынша анықталады:

$$P_{\text{огр}} = (20 + l_1) \cdot 2 + (20 + l_2) \cdot 2, (\text{м}) \quad (3.1)$$

мұндағы: l_1 , l_2 - жоспардағы ғимараттың ұзындығы мен ені, тиісінше (тапсырма бойынша), м.

Ғимараттың осьтерінен әр бағытта 20 м қабылдаймыз.

$$l_1 = 19,2 \text{ м}, l_2 = 22,4 \text{ м}.$$

$$P_{\text{огр}} = (20 + 19,2) \cdot 2 + (20 + 22,4) \cdot 2 = 163,2 \text{ м}$$

Өсімдік қабатын кесу

Траншея қазу кезінде өсімдік қабатын кесуді алаңнан жүргізу керек:

$$S_a = (10 + l_1) \cdot (10 + l_2), \text{ (м}^2\text{)} \quad (3.2)$$

мұндағы: l_1, l_2 - жоспардағы ғимараттың ұзындығы мен ені, м.

$l_1 = 19,2 \text{ м}, l_2 = 22,4 \text{ м}.$

$$S_a = (10 + 19,2) \cdot (10 + 22,4) = 946,08 \text{ м}^2$$

Өсімдік қабатын кесудің толық көлемі формула бойынша анықталады:

$$V_{cp} = S_{1(a)} \cdot 0,15 \text{ м}, \text{ (м}^3\text{)} \quad (3.3)$$

$$V_{cp} = S_{(a)} \cdot 0,15 \text{ м} = 946,08 \cdot 0,15 = 141,9 \text{ м}^3$$

Траншеядағы топырақты өңдеу

Траншеядағы жер жұмыстарының көлемі мынадай формула бойынша есептеледі:

